

КЕҢЕСТІК ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ТЕХНОЛОГИЯЛАНДЫРУ ІСІНДЕГІ КӨШБАСШЫ

Бозжігітов Еркін Серікұлы

erkin_serikulu@mail.ru

Адилев Нурберген Буранбаевич

adilov.nurbergen@mail.ru

«Педагогика және психология» білім бағдарламасының 1 курс магистрантары
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылым жетекшісі: педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жанзакова Ш.И.

Саналы ғұмырын ауыл мектебі, ауыл балаларына арнаған ұлағатты ұстаз Құмаш Нұрғалиев – қазақ ғылымы, оның ішінде педагогика саласының дамуы, өркендеуіне үлес қосқан қайраткер. Себебі, ауыл мектебінен түлеп ұшқан көп шәкірттерінің еліміздің түкпір-түкпірінде, жоғары оқу орындарында ұстаздық қызмет етуі, тіптен ғалым дәрежесіне көтерілуі – ұстаздың қазақ ғылымының дамуына қосқан үлесімен тең. Тіптен, Қ.Нұрғалиевтің педагогикалық қызметі туралы Д.Қонаев «Бұл ғажап адамның өмірінің өзі – ерлік. Шәкірттерді рухани адамгершілікке тәрбиелеуде, азаматтық болмысын қалыптастыруда ғибратты өнеге», – деп жоғары бағалайды.

Сол кезеңде Д.Қонаевтай ел басқарған еңбегін жоғары бағаларлықтай ол қандай артықшылыққа ие педагог болды? Қ.Нұрғалиевтің өмір жолына көңіл аударсақ, ұстаздың отан үшін, халық үшін сіңірген еңбегін, патриоттық санасы мен даналығын, іскерлігін көре аламыз. Педагог болу тұлға тәрбиелеу десек, тұлға тәрбиелейтін адамның жан-жақты болуы – тұлға негізінің қалануына ең қажетті құндылық. Қ.Нұрғалиев тек ұстаз болып қана қойған жоқ, өз болмысы мен іс, амалы арқылы жақсы педагогтың үлгісін, отансүйгіш жүректің ұлтым деген жанашырлығын көрсете білді.

Ол ұрпақ болашағы, оның жарқын болуына септігін тигізетін барлық мүмкіндіктерді іске асыруға мүдделі, нақты айтқанда, ауыл баласы қала баласындай заманының озық технологиясын көріп өсуіне барлық жағдайды жасауы оның ұстаз атты қызметіне абырой сыйлады. Ол өзінің қарапайым қызметін балаларға жақсылық жасау, ел ертеңіне қызмет миссиясы ретінде түсінді. Сол себепті шалғайдағы ауыл мектебінің директоры бола жүріп, мектеп салу мәселесін күн тәртібіне қойды және оны шеше алды. Мектеп инфрақұрылымын, мектеп ғимаратының заманауи технологиялармен жабдықтау толыққанды тұлға тәрбиелеу арманына қол жеткізетінін түсінді.

Алыстағы Боранды ауылындағы мектепті басқарып жүрсе де, ауылдағы баланы қаламен, әлемдік технологиямен тең өсіруді көздеді. Себебі, қаладан шалғайдағы ауылда тұрса да, «Боранды артта қалған, провинция деп санауға болмайды. Мәдениет – географиялық ұғым. Біз барлық мүмкін құралдарменен және жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз етуге тырысамыз», - деген екен ұстаз [1].

Қ.Нұрғалиевтің педагогикалық көзқарастары, мектеп білімін дамытуға қосқан үлесі ұлттық педагогиканың қалыптасуына зор ықпал тигізген тарихи құбылыс болды.

Қазақ педагогикасының атасы Ы.Алтынсарин мектебі жоқ қазақ жерінде алғашқы педагогикалық қызметін мектеп ашумен бастаған болатын. Кеңестік дәуірде, ұлттық тарихымыздан ажыраған 1972 жылдары ауыл оқушыларын өз тарапынан жағдай жасауды жоғары жаққа ұсынып, мектеп аштырған. Бұл жай ғана мектеп емес, қалашыққа айналды. Мектептің бірнеше оқу ғимараты және тирі бар спорт алаңдары да қатар қолданылуға берілді. Бірнеше гектар көлемді жерді алып жатқан мектепте нағыз жанашыр педагог шығармашылық қызмет етеді. «Біз балалардың бақыт үшін өсіреміз», - деген қағиданы басшылық етті.

Осы орайда бақытты бала тәрбиелеудің басты шарты – мектепті білікті, кәсіби, өз ісіне адал ұстаздармен қамтамасыз ету. Себебі, білім беру ісі қашан да адам факторы – ұстаз біліктілігімен тікелей байланысты. Қ.Нұрғалиевті ең бірінші толғандырған мәселе осы еді.

Кеңес одағы кезіне материалдық құндылықтарға көп көңіл бөлінді де, ең басты адам факторы назардан тыс болды. Осы шындықтың ұстаздар қауымын айналып өтпегенін ұстаз Қ.Нұрғалиев ашып айтқан еді: «Әр аудандық комитет хатшысы өзінің әр малшысын, қанша қой, қозысы, қаншалық егістік жері бар екенін жақсы біледі. Ал, ауданда қанша мұғалім, қандай жақсы ұстаздың бар екенін білмейді. Менің арманым – мұғалімді бәрінің құрметтеп, ұстаздықтың жоғары бағаланатын мамандық екенін дәлелдейтін заман туса деймін» [2, 1].

Педагогтың даналығы ол педагогиканы ұстаз және шәкірт сабақтастығы деп қарастырды. Егер сапалы шәкірт тәрбиеленсін десек, ұстаз сапалы болуы керек. Өз пәнінді білу аз, шәкірт алдында сол пәннің поэтикасын аша білуге, романтикасын танытуға тиістісің. Озық ойлы маман болсаң, алдыңнан дәріс алғандар: «Мен де осы ұстазым сияқты осы пәннің, осы ғылымның қыр-сырын түгел білетін білгір боламын!» деп құлшынсын. Бұл бірінші өлшем де болмас. Ең үлкен өлшем сенің адамгершілік бейнең еліктеуге татырлықтай биік болсын. Жақсы мектептің тақтасы да, әр қабырғасы да тәрбиелейді демекші, ұстаздың әр қимылы, әр сөзі тәлім-тәрбие берсін. Мектептегі мұғалімдердің басым көпшілігінің ер адамдар болуын жақтаймын. Әке тәлімін көрмеген ұл қандай болмақ деп мектепке ер азаматтарды тартуды қолдады [3, 315 б.].

Бүгінгі таңда да ұстазға қойылатын талаптардың бірі – осы, пәнінді сүю, балаға ықыласпен білім беру. Кәсібилікті арттыру. Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәләуға тиіс емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәләуі тиіс. Қаншама жетілдірілген техникалық құралдар болса да мұғалімнің жеке басын алмастыра алмайды. Оның оқушыға деген жүрегінің жылуы ешқашан сөнбек емес. Қолынан іс келетін, дарын-қабілеті педагогтікке бейім жастарды ғана мектепке жіберу керек. Қазіргі мектепке жетпейтін сондай кадрлар. Педагогикалық жоғары оқу орындарынан шыққан мұғалімдердің кейбірі дүмбілез, піспеген жеміс секілді. Ал, нағыз мұғалім – жас өспірімнің рухани дүниесінің мүсіншісі, қоғам өзінің ең қымбаттысы, ең құндысы – балаларды, өзінің үмітін, өзінің болашағын сеніп тапсыратын сенімді өкіл. Осы аса ізгі және аса қиын кәсіп бұған өз өмірін арнаған адамнан тұрақты шығармашылықты, ойдың тынымсыз жұмысын, орасан зор жан жомарттығын, балаларға сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап етеді [4, 368 б.].

«Тәрбие жұмысының творчестволықпен ойланатын, іске асыратын, тіпті, кей жағдайда талас, пікір тудыратын әдістері, түрлері көп. Әнгіме соңы орынды, дұрыс пайдалана білу. Қайткенде жас ұрпақты мәдениетті, білімді, бүгінгі өмір талабына сай баулу керек. Сондықтан бұл жұмыста қол жеткен жетістіктеріміз болса, қанағат етіп тұрып қалмай, үнемі іздене берсек дер едім. Болашақтың ұрпағын тәрбиелеу, өсіру, оқыту, үйрету керек. Иә, ұстаздың борышы, шәкірт алдындағы зор енбегі, арайлы ісі, Отанға деген игі қызметінің бәрі осы үлкен арнаға сияды» деген Қ. Нұрғалиевтің көзқарастарында үлкен мән жатқандай.

Педагогтың бұл ұстанымы қазіргі таңда да өзекті. Бүгінгі күні ұстаздар қауымын аттестациядан өткізіп, кәсіби біліктілігін шыңдау дәстүрге енсе, ол – ұстаз атап көрсеткендей, сапалы білім үшін жасалған қадам.

Ұстаз Қ.Нұрғалиевтің «балаларды бақыт үшін өсіреміз» деген ұстанымы жай қызыл сөз емес еді. Бұл балаларға білім беріп қана қоймай, оларды өмірге дайындау, тұлға ретінде тәрбиелеу бағытындағы азаматтық ұстанымы екенін уақыт дәлелдеді. Білікті педагог қана емес, психолог педагог ретінде баланың дүниетанымын тек қана біліммен дамытумен шектеуді мақұлдамады, олардың ой-санасын сыртқы қоршаған ортамен байланыссыз дамыту мүмкін емес деген ұстанымды ұстанды. Ұстаз өмір сүрген уақыттан қанша жыл өткен соң, еліміз тәуелсіздік алған соң жарты ғасырдан кейін білім беру жүйесі енді қолға алып бастаған дүниені сол кездің өзінде іске асырғаны – көрегендік.

Осы ретте ұстаз қолынан келген мүмкіндікті пайдаланып, жағдай жасау жолын таңдады, оқушыларға жетекшілік етіп, өз соңынан ерте білді. Айталық, мектеп оқушыларының орта біліммен қатар, қосымша мамандық иеленуі – соған дәлел. Мектеп

жанында тігін және кондитерлік цехтар, трактор, автодел, ауылшарушалығы техникаларын жүргізу кабинеттері, слесарлық, дәнекерлеу, ағаш ұстасы, токар шеберханасы, радиотелемастер, кинофотодел, машина жазу, стенография т.б. сыныптарының жұмыс істеуі оқушылардың қосымша мамандық игеруіне көп мүмкіндіктерге жол ашты. Осы сыныптарда алынған білім нәтижесінде олар қосымша мамандықтар алуға арналған екі оқу корпусы мен мектеп шеберханасын салып шықты.

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану, оларды еңбекке баулу – бала болашағын ойлау, тәжірибе машығын дамытумен тең. Осы орайда ұстаз қолға алған игі істің бірі – оқушылардың оқу демалыстарын тиімді пайдалану. Осы ретте мектеп оқушылары жазғы демалыста еліміздің басқа қалалары және республикалық туристік сапарларға шығып, саяхаттады. Басқа облыс балалары тұрған мекендерді көріп, басқа халықтардың мәдениетімен танысты. Мұражай және көрмелерді аралап, галереяларды тамашалады.

Сондай-ақ, ұстаз оқушылардың демалыс уақыттарын өндіріс орындарын таныстыру, еңбекке баулуға көңіл бөлді. Мектеп оқушылары демалыс кезінде ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге, отырғызу, жинауға ат салысты және де оқушылар мәдени іс-шараларға арналған костюмдер тігіп, мектептің акт залы сынды залдарын безендіріп, дизайндарын әсемдеуге жұмылдырылды. Дәстүр сабақтастығын жандандырған керемет дәстүр болды. Мектеп табалдырығын енді ғана аттаған оқушылар көктемде ағаштар отырғызып, мектеп бітіргенше өздері отырғызған ағаштарға қамқорлық жасап тұрды. Мектеп бітіретін кезде өздерінен кейінгі ізбасар шәкірттерге тапсырып отырды. Осылайша оқушылар қолымен егілген ағаштар мектептің ауласын жасыл желекпен көмкеріп, бақша сынды сәнін келтірді.

«Мектептегі тәрбиенің ең негізгісі еңбек болған соң, мектеп бастауыш кәсіптік мамандық беруге тиіс. Еңбек ешқашан оқу ісіне қолбайлау болмайды. Оқушылар үлкен өмірге араласады, үлкендердің тәжірибесін және дәстүрлерін үйренеді. Оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке баулу керек. Шәкірттерді еңбекке психологиялық тұрғыдан әзірлеу ауадай қажет екенін ұғындыру қажет. Отбасы осы бағытта болуы керек, балаларының еңбек мәселесін ата-ана мектеппен бірдей әрі біліктілікпен қолға алмайынша, ештеңе өнбейді [5].

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі ЖОО-да берілетін теориялық білім мен тәжірибені ұштастыруға негізделген дуалды оқыту мәселесін соңғы жылдары қолға ала бастады. Өйткені, теориялық білім болашақ өндірістік тәжірибемен ұштаспаса, оқушының немесе студенттің білім алуға кеткен уақыты зая кетеді. Сондықтан, білім сапасын, тиімділігін арттыруда білім алушының болашақта білім алатын, қызмет ететін оқу орны, өндірістік мекеменің бағытымен танысу және білімді соған лайықтап беру аса маңызды. Әйтпесе, теория мен тәжірибе сабақтаспай, білім алушы зардап шегетін болады. Оның соңы білім сапасының төмендеуіне әкеліп соқпақ. Міне, осы мәселені осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын, 1959-70 жылдары ауыл мұғалімі Қ.Нұрғалиев көре білген.

Осы орайда бала да өндіріске дайын болуы керек. Оның өз пікірін айта білуі, еркін жұмысқа араласуына ықпал етеді. Сондықтан оқушылардың өзін-өзі басқаруын қамтамасыз ету – заман талабы. Ең бастысы – оқушыны ойлай білуге, ешбір түртпексіз, зорлық-зомбылықсыз, тіпті ескертпесіз еңбектенуге үйрет. Міне, Нұрғалиевтің ұстанған талап өлшемдері осындай болды. Оқыту мен тәрбиелеудің табысты болуы мектеп басшылары мен педагогтердің қалай жұмыс істегеніне ғана емес, оқушылардың қалай еңбектенетініне де байланысты. Ойлана еңбектенудің қандайлық зор жаңартқыш қуат-күші барын ұмытуға болмайды. Осындай күш педагогті де, оқушыларды да баурауы тиіс [4]. Бұл да – бүгінгі таңда соңғы жылдары қолға алына бастаған оқу әдісі.

Оқушыға сабақ беріп, мектеп басқарып қана қоймай, қала мектебінде берілетін білім беру тәжірибесін зерттеген және ЖОО-мен байланыс орнатқан ұстаз ауыл мектебінің материалдық-техникалық базасын заманауи жаңа үлгіде жабдықтауды жауапкершілігіне алады. Мектептегі оқу үрдісін, педагогикалық кадрларды дайындауды ұйымдастыруға іскерлік көзқарас керек, өйткені бүгінгі күнгі біліктілікті арттыру үрдісінде ассоциативтік-рефлекторлық көзқарас оның тиімділігін арттыруға ықпал етеді [6, 3 б.].

1970 жылдары Қазақстанда әлі теледидар жоқ тұста мектеп директоры, ұстаз Құмаш Нұрғалиев кабинетінен арқылы әрбір сыныпта өтіп жатқан сабақ барысын бақылауға, мұғалімдер, оқушылармен коммутатор арқылы сөйлесуге мүмкіндік жасады.

Оқу-тәрбие ісіндегі қол жеткізген тамаша еңбегі – мектептегі оқу-тәрбие үдерісін технологияландыру болды. Бұл ретте Қ.Нұрғалиев шетелдік Мәскеу, Рига, Винница мектептерінің тәжірибелерін зерделеп, физика пәнінің ұстазы екеуі техникалық телевизиялық орталық (ШТЦ) құрады.

Бұл орталықтың қызметі сан-саналы еді. Біріншіден, сабақты заманауи техникалық жабдықтар арқылы қызықты өткізуге мүмкіндік берді. Екіншіден, халық бүкілодақтың «Время» жаңалығын күнделікті көріп отыруға мүмкіндік алды. Ауыл жаңалықтар жедел түрде сыныптарға таратылып тұрды. Мектепте 40-қа жуық кабинетте дидактикалық материалдарды осы орталық экрандары арқылы көрсетіліп отырған. Ал, бұл сол кезеңдегі он бес одақ мемлекеттің оқу арналарының бағдарламалары мен көркем фильм үзінділері, мектеп қорының материалдары болды. Педагогтың білім беруді ақпараттандыру саласындағы соңғы еңбегі 1988 жылы мектепте алғаш «Ямаха» компьютерлік сыныбының ашылуы болды.

Осылайша тынымсыз ізденістен бастау алған ұстаз еңбегінің нәтижесі көптеген жылдардан соң нәтижесін берді. Оның дәлелі Боран ауылындағы оның авторлық мектебі республикалық және ЮНЕСКО бойынша «Қазақстан Республикасындағы ауыл мектептерін қашықтықтан оқыту» бағдарламасы бойынша ақпараттық технология орталығына айналды.

Бір қуантарлығы – ұлтқа қызмет етсем деген ұстаздың арманы, ниетінің адалдығы өз ұрпағының берекесімен қайтты. Ұстаздың туған ұрпақтары әкесі бастаған игі істі ғылым биігінде жалғады. Одан әрі өрістетіп, қазақ ғылымына, оның ақпарат саласының өркендеуіне ұйытқы болатын мамандар бола білді. Атап айтқанда, ҚР БҒМ Республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылыми-әдістемелік орталығының директоры Гүл Құмашқызы әке жолын жалғап, білім берудегі ақпараттық технологиялар бойынша ЮНЕСКО жобасында өз бағын сынап, отандық оқу үрдесіне электронды оқыту технологияларын енгізгенін білеміз. Осылайша, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚазҰӨА академигі Гүл Құмашқызы өз әкесі Құмаш Нұрғалиевтің арманын толыққанды іске асырды.

Ол электронды оқулықтардың компьютерлік бағдарламасын жетілдіріп, модульдік даму технологиясын іске асырды. Оның авторлық жобасы бойынша 2000-жылдардың бас кезінде еліміздегі қазақ, орыс мектептерінің 1-11 сынып оқушылары үшін әр пән бойынша электронды оқулықтар жасақталды. 2013 ж. Гүл Құмашқызы басқарған Ұлттық ақпараттандыру орталығы (НМИ) 800-ден астам жоба қатысқан Лондонда Bett 2013 халықаралық көрмесінде E-Learning Awards байқауында цифрлық оқыту контенті идеясының тиімділігі, сондай-ақ, маңыздылығы атты жобасы жеңімпаз атанды.

Ұстаздың үлкен қызы Манира Құмашқызы да әке жолын жалғап, білім беруде көптілді оқыту ісін технологияландыру идеясын дамытуға қолға алды. Келінімен бірге MERITS қазақстандық-сингапурлық, ҰАО-ның жобаларымен e-Learning бағдарламасы аясында бірах еңбектердің авторы болды. Педагогика ғылымдарының кандидаты ХАА корреспондент-мүшесі Марат Құмашұлының да әке бағытымен оқу үрдісін технологияландыру бағытында атқарған еңбегі зор.

Құмаш Нұрғалиұлының оқу үрдісін технологияландыру туралы идеясын жалғап қана қоймай, кәсіби білім беруді ақпараттандыру саласына белсене ат салысқан ХАА корреспондент мүшесі Марат Құмашұлы 1990 ж. соңына қарай еліміздегі колледждерде алғаш электронды оқу залдарын құрды. Студенттерді жұмысшы мамандықтарға баулу идеясын алғаш көтеріп, 2000 ж. бастап 11,5 мыңнан астам шәкірттерді оқытқан сервистік-технологиялық бағытта кадрды дайындауға үлес қосты.

Сондай-ақ, Марат Құмашұлы 5 жыл бойы ҚРБЖҒМ ТжКБ департаменті қолдауы бойынша Норвегияның кәсіби кадрлар даярлау және қайта даярлауға арналған орталықтармен (RKK, Рогаланд округтері) ынтымақтастықты жүзеге асырып ШҚО техникалық және кәсіптік дамытудың өңірлік даму моделі атты пилоттық жобасының үйлестіруші маманы болды. 2009 ж. қаңтарынан бері ол Қазақстан – Норвегия орталығы (КНЦ) құрылтайшысы болды. 2010 ж.

бастап КНО базасында кәсіптік колледждер мен лицей оқушыларын практикалық оқу бойынша ТЖКБ (Техникалық жәнк кәсіптік білім беру) Қазақстан – Норвегия корпоративтік қорының ҚР алғаш құрылуына ықпал етті. Осылайша, ауылдан басталған Қ.Нұрғалиевтің білімді технологияландыру бағытындағы бастама – бағыттары осы әулеттің кәсіби бағдарына айналды.

Құмаш Нұрғалиевтің авторлық мектебінің тұжырымдамасы біртіндеп жасалды және тәжірибедегі шынайы қарама-қайшылыққа талдау жасаудың нәтижесі болып табылады.

Құмаш Нұрғалиевтің жаңашылдық қызметін ретроспективтік және тарихи талдау, оның ауыл мектебін дамыту жөнінде жасаған тұжырымдамасы, бізге бірнеше негізгі идеяларды, мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Біздің көзқарасымызша, бұлар оқушыларды дара дамытуда және сапалы білім беруді қамтамасыз етуде өзекті болып табылады:

- мұғалімдер ұжымы шығармашылығын ұжымдық пікірлестер ретінде дамыту;
- ғылымды тәжірибемен интеграциялау мектеп қызметін дамытуға жасалатын жағдай;
- ұжымдық қалыптастыру үдерісінде оқушылардың өзін-өзі дамыту үрдісі;
- мектепті дамыту тетігі мектептің техникалық орталығын құру;
- мектептің, отбасының және қауымдастықтың өзара қарым-қатынасы;
- мектепте ауыл мәдениетін орталықтандыру;
- ұлтаралық қатынаста мәдениетті қалыптастыру;
- оқушылардың кәсіптік-құндылықтарын қалыптастыру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тұрғанбаев М. Атақты ұстаздың педагогикалық қырлары // Дидар. – 2005. – 27 қыркүйек. – 4 б.
2. Нұрғалиев К.Н. Наш семидесятый учебный год // Учитель Казахстана. – 1987. – № 40 (1813). – 1 октября. – С. 1.
3. Нұрғалиев Қ. Оқу мен еңбекті ұштастырып // Социалистік Қазақстан. – 1973. – 23 қараша;
4. Әлімбаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2006. – 5 т. – 408 б.
5. Боранғалиев Т. Ұстаздық дастан жалғасы // Социалистік Қазақстан. – 1988. – 30 сәуір.
6. Нұрғалиев Қ. Сұңқар бол сен де жас ұрпақ // Қазақстан коммунисті. – 1987. – 11 ноябрь.